



## YESSENOV TECHNOPARK – ИННОВАЦИЯ МЕН БІЛІМНІҢ ТОҒЫСҚАН ОРТАЛЫҒЫ

*Асилбаева Р.Б.*

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар  
және инжиниринг  
университетінің аға оқытушысы физика  
магистрі*

Ағымдағы жылдың 2 желтоқсаны күні Yessenov University-де «Yessenov Forum: Тұрақтылық мағыналар» форумының аясында өңір үшін маңызды үш нысанның: «Yessenov Technopark» кешені, жастар паркі және футбол стадионының ашылу салтанаты өтті.

Шараға ҚР Президентінің кеңесшісі Қуанышбек Есекеев, ҚР Ғылым және жоғары білім Министрі Саясат Нұрбек, Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Еділ Жаңбыршин сондай-ақ еліміздің жоғары оқу орындарының ректорлары, ірі кәсіпорын басшылары, депутаттар мен қоғам өкілдері қатысты.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің жанынан құрылған Yessenov Technopark – еліміздегі білім мен ғылымның интеграциясын жүзеге асырып келе жатқан инновациялық орта. Бұл – шығармашыл жастардың идеяларын қолдайтын, заманауи зерттеулер мен технологиялық жобалар тоғысқан интеллектуалдық алаң.





Yessenov Technopark – бұл Ақтау қаласындағы Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті жанынан ашылған заманауи инновациялық орталық.

Технопарктың басты миссиясы – студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу және стартап жобаларын қолдау, оларды заманауи нарық талаптарына бейімдеу. Мұнда білім алушылар IT, инженерия, робототехника, цифрлық технологиялар, жасыл энергетика, экология және өндірістік автоматтандыру салаларында тәжірибе жинақтай алады.

Технопарк алаңында бірнеше әлеуметтік маңызды жобалар жүзеге асырылды. Мәселен, студенттік стартаптар экологиялық мониторинг, цифрлық оқыту платформалары және смарт-қала технологиялары бағыттарында дамып келеді. Кейбір жобалар халықаралық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Технопарк аймақтағы кәсіпорындармен және IT-компаниялармен әріптестік орнатқан. Сонымен қатар, халықаралық ұйымдармен бірлескен жобалар жүргізіліп, шетелдік сарапшылармен тәжірибе алмасу дәстүрге айналған.

Yessenov Technopark – бұл білім, ғылым және кәсіпкерлік идеялар тоғысқан орталық. Ол тек университет қабырғасындағы біліммен шектелмей, студенттерді бәсекеге қабілетті, инновациялық ойлайтын маман ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Жалпы аумағы 2000 м<sup>2</sup> болатын заманауи инновациялық екі қабатты ғимаратта коворкинг аймақтары, зертханалар, оқу сыныптары, сондай-ақ токарь мен дәнекерлеуші сияқты жұмысшы мамандықтарға арналған шеберханалар бар. Technopark 90 жоғары өнімді компьютермен жабдықталған, бұл білім алушылар мен жоба қатысушыларына қолайлы жағдай жасайды.

Бірінші қабатта робототехника, цифрлық өндіріс, металл және ағаш өңдеу шеберханалары орналасқан. Екінші қабатта жасанды интеллект, ойын әзірлеу, блокчейн, криптовалюта, мобильді қосымшалар және киберқауіпсіздік бағыттары бойынша білім беріледі.

Бұл бағдарлама Yessenov Forum-ға арнайы шақырылған әлемге әйгілі француз маманы, инновациялық оқыту әдістерінің жаңашылы Николя Садирактың *01 Edu* бағдарламасы негізінде жүзеге асады. *Ecole 42* және *01 Edu* әдістемелері әлем бойынша білім беру жүйесіне заманауи серпін берді.

*01Edu* білім беру платформасын Қазақстанда алғашқы болып енгізген жоғары оқу орны — Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті (Yessenov University) болып табылады.



Бұл – еліміздің жоғары білім беру жүйесінде маңызды жаңалық. *01Edu* платформасы дәстүрлі оқытудан мүлде ерекшеленеді: мұнда мұғалім де, дәріс те жоқ, оның орнына *peer-to-peer*, яғни тең деңгейдегі студенттердің бір-бірімен оқыту әдісі қолданылады. Студенттер нақты тапсырмалар мен жобаларды орындау арқылы білім алады, бір-біріне көмектесіп, өзара бағалау жүргізеді. Yessenov Technopark базасында іске қосылған бұл жүйе арқылы студенттер: жасанды интеллект, блокчейн, ойын жасау, киберқауіпсіздік сияқты өзекті бағыттарда білім алады, халықаралық деңгейдегі жобалармен жұмыс істеп, нақты тәжірибе жинақтайды, стартап жобаларын жасап, кәсіпкерлік қабілетін дамытады.

Бұл қадам Yessenov University-ді заманауи IT-білім берудің көшбасшысына айналдырып отыр.

Технопарк білім мен инновацияның орталығы ретінде жаңа оқыту бағдарламаларын іске қосты:

- Тігін ісі –курста сіз мата түрлерімен жұмыс істеуді, үлгі жасауды, тігін машиналарымен жұмыс істеу әдістерін және эксклюзивті киім мен аксессуарлар тігуді үйретеді.
- 3D-дизайн –бұл курс 3D модельдеу мен визуализация негіздерін қамтиды. Қатысушылар архитектуралық жобалардан бастап ойын кейіпкерлеріне дейін әртүрлі 3D модельдерді жасауды үйренеді.
- Робототехника –бағдарлама Arduino, LEGO, Raspberry Pi платформаларында жұмыс істеуді қамтиды, ал қатысушылар механизмдер мен код жазудың қырсырын меңгереді.
- Сурет салу – курста классикалық кескіндемеден бастап цифрлық иллюстрацияларға дейінгі бағыттар қамтылған. Кәсіби мамандар дұрыс композиция, түс үйлесімділігі және түрлі техникамен жұмыс істеуді үйретеді.

Технопарккі салудағы басты мақсат – инженерлік ойлауды қалыптастыруға, ғылыми-техника-лық шығармашылықты дамытуға ықпал ететін мотивациялық тәжірибеге бағытталған орта құру. Міндетіміз – техникалық және шығармашылық ойлауды дамыту үшін тәжірибеге бағытталған орта ретінде Yessenov University базасында технопарк қызметін ұйымдастыру. Технопарк мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ғылыми-техникалық және инновациялық жобаларды жүзеге асыру, технопарк қызметіне әртүрлі заманауи технологияларды, техникалық құралдарды, бағдарламалық қамтамасыз етуді тәжірибеге енгізу жоспарланған. Бірыңғай ғылыми-технологиялық кеңістік



құру, яғни техникалық шығармашылықты, инженерлік білімді насихаттау әрі тарату, сондай-ақ жобалау іс-әрекетінде, жобалауда, бағдарламалауда, модельдеуде және прототиптеуде практикалық дағдыларды қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді, – деп атап өтті университет ректоры Берік Бақытжанұлы Ахметов.

Сонымен қорытындылай келе, Yessenov Technopark – Маңғыстаудағы IT-саланың дамуындағы маңызды белес болып табылады. Жоба аймақтың жастарын заманауи білім мен нақты жобалар арқылы кәсіби мамандықтарымен қамтамасыз етіп, стартап жобаларын іске асыруға жағдай жасайды. Ш.Есенов атындағы Каспий университетінің инновациялық оқыту жүйесі, дәстүрлі дәрістерді жоя отырып, peer-to-peer моделін енгізген *OIEdu* платформасы арқылы студенттер өз бетімен ізденіп, тәжірибе жинайды. Бұл әдіс заманауи IT-технологияларды меңгеруге, шығармашылық ойлауды дамытып, халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман қалыптастыруға септігін тигізеді. Осылайша, Yessenov Technopark тек аймақтық инновацияны ғана емес, бүкіл еліміздің цифрлық болашағын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Yessenov Technopark – бұл тек ғылыми идеялардың жүзеге асу алаңы ғана емес, сонымен қатар ел болашағына қызмет ететін кәсіби, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау орталығы. Университеттің білім беру экожүйесінде ерекше орын алатын бұл орталық – жастардың инновациялық бастамаларына қолдау көрсетіп, Қазақстанның технологиялық дамуына серпін беріп келеді.

Осылайша, Yessenov Technopark – Маңғыстау өңірінің ғылыми-инновациялық экожүйесінің тірек нүктесіне айналып келеді. Болашақта бұл орталықтан еліміздің ғылымы мен технологиясына серпін беретін жобалар туындайтынына сеніміміз мол.